03.01.2022
Қаралды

**ЦИКЛОГРАММА**
**І апта (05 – 07 қаңтар, 2022 жыл)**
**Ортаңғы тобы**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**
**Тақырыпша."Айналамыздағы өсімдіктер"**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.01.2022 | Сейсенбі 04.01.2022 | Сәрсенбі 05.01.2022 | Бейсенбі 06.01.2022 | Жұма 07.01.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау . Тазалықтарына мән беру.<br>Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.<br>Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | | | ***Картотека № 5<br>Қайсысы қайда тіршілік етеді. Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.* | ***Картотека № 6<br>«Кімге не керек»<br>Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | |
| | *ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ* | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.<br>Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***<br>*Шынықсаң шымыр боласың,<br>Сауығып айдай толасың.<br>Спортты серік ете біл,<br>Жақсы азамат боласың.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.<br>Шаттық шеңбер***<br>*Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | | | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Заттарды топтау,бөлу*<br>***Мақсаты:*** *Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *аю ойыншық, суреттер пайдалану.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Армысың, алтын күн!*<br>*Армысың, көк аспан!*<br>*Армысың, жер ана!*<br>*Армысың, жан досым!*<br>*Балалардан жыл мезгілін, ай атын, апта күнді сұрау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>*Мен балабақшаға келе жатып,жолдан мына аюды кездестірдім(ойыншық аюды көрсетеді)Ол қонжықтарына бал салынған бөшкелердің жететін-жетпейтінін біліп беруді сұрайды.Қалай көмектесеміз бе?*<br>***«Жете ме?»ойыны.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Суреттегі қонжықтар көңілсіздеу ме? қалай. Қонжықтарды немен қуантуға болады? Таптым,оларға бал салынған бөшкелерді сыйлайық,қонжықтардың бәріне бөшкелердің жеткенін тексеріп көрейік. Салыстыру.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Ыршып-ыршып секіріп,* | *1.* ***Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>*Бөлме өсімдіктері*<br>***Мақсаты:*** *Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптас тыру. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыру. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бөлме гүлдері*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Қуанамын мен де,*<br>*Қуанасың сен де,*<br>*Қуанайық достарым*<br>*Арайлап атқан күнге.*<br>***Балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аудару.***<br>*-Мыналар нелер?*<br>*-Дұрыс, бұл бөлме гүлдері. Бөлме өсімдіктері туралы сұрақ жауап.*<br>*Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын, ал сендер қандай өсімдік екенін табыңдар .*<br>*-Жапырақтары сопақша, үлкен, түсі қою жасыл. Бұл қай өсімдік?*<br>*(Фикус гүлін көрсетеді ).*<br>***Мнемокесте арқылы таныстыру.***<br><br>*-Бүгін сендерді жаңа бөлме өсімдігі – хош иісті қазтамақпен* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қоян келді кеңкиіп.<br>Аяқтары жаураған,<br>Қолдары да жаураған,<br>Жылытпақ боп тырысты<br>Жүгірді де қуысты.<br>Бір жоғары,бір төмен<br>Жүр аяқтың ұшымен.<br>Секіреміз,отырамыз,<br>Аяқтарды жылытамыз.<br>**«Қояндар қонақта» ойыны.**<br>Қояндар не жегенді жақсы көреді?<br>Қайсысы көбірек:қояндар ма,сәбіз бе?Бұны тексеріп көрейік,әр қояннан сәбізге қарай жол салайық,сөйтіп оларды қонақ етейік.<br>**«Моншақты жина»ойыны.**<br>Моншақтар сияқты жіпке геометриялық фигуралардан тізу керектігін айтады.Моншақтарды қандай геомериялық фигуралардан жинадыңдар?<br>**Қорытынды.**<br>Балалар бүгін қандай ұғымдармен таныстық?<br>Қоянмен аю не жейді екен?<br>Аю сендерге оның қонжықтары үшін балы бар бөшкелерді санап бергендерің үшін алғыс айтады. Аю балалармен қоштасады.<br>Балалараға жұлдызша беру арқылы мадақтау.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**«Шалқан»<br>(орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп, оның | таныстырамын.<br>**Сергіту сәті** .<br>Біз гүлдер ше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған,<br>Сабақтары салалы,<br>Жел күшімен шайқалған.<br>**Ой дамыту.**<br>Қазтамақ гүлімен таныстыру.<br>Қазтамақтың сабағы жасыл, шырынды, сабағының бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі Қазтамақ – дәрілік өсімдік . Одан дәрілік майлар жасалады . Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді ..<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>«Гүлдердің хош иісі»<br>-Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық .<br>-Фикус қандай күтімді қажет етеді?<br>Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?<br>-Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?<br>Жапырақтарды ауаны тазартады .<br>-Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіңдерші .<br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады.<br>Біз бүгін не туралы әңгімелестік?<br>Гүлдерге суды не үшін құямыз?<br>Ал гүлдерді қалай күтуге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *мазмұнын түсінуге және рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *ертегі кейіпкерлерінің бетперделері*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Кіріспе әңгіме;***<br>*-ой қозғау.*<br>*Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***«Шалқан» ертегісін оқып беру.***<br>*Ертегіні оқып беру. (Үстел үсті театрын пайдалана отырып, ертегі мазмұнын ашу)*<br>***Ой дамыту.***<br>*Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.*<br>*-Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар?*<br>*Шалқан қайда өседі?*<br>*-Атай көмекке кімді шақырады?*<br>*-Әжей кімді шақырады?*<br>*-Немере қыз кімді шақырады?*<br>*-Күшік кімді шақырады?*<br>*-Мысық кімді шақырады?*<br>*-Сонымен, бәрі бірігіп не істейді?*<br>*-Ендеше,балалар,осы ертегідегі кейіпкерлердің артибуттарын алып,ойынды сахналаймыз.*<br>***Сахналау.***<br>*Жарайсыңдар ,балалар ертегі кейіпкерлерін жақсы етіп сахналадыңдар*<br>*-Балалар біз бүгін қандай* | *болады?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Жапсыру.***<br>***Тақырыбы:*** *Гүл*<br>***Мақсаты:***<br>*Төртбұрыштардан дөңгелек пішін қиюға үйрету. Бөліктерді ұқыпты желімдеуге дағдыландыру.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Түрлі-түсті қағаздар, желім,ақ қағаз, үлгі*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*"Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.*<br>*Бала,бала,баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамызда қаламыз!*<br>***АКТ технологиясы***<br>*Балаларға нотбуктан аналар мен әжелеріміздің туған күндеріне арнап жасалған ашықхаттар және слайд көрсету.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар әжелерімізге, аналарымызға арнап гүл жасап беру.*<br>***Балаларға гүлдің жасалу ретін және үлгісін көрсету..*** *-Гүлді қараңдаршы.*<br>*-Гүлдің пішіні қандай?*<br>*-Түсі қандай?*<br>*-Сабағы мен жапырақтары қандай?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз гүлдерше өсеміз*<br>*Жапырағы жайқалған* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ертегімен таныстық?*<br>*-Атай шалқанды қайда екті?*<br>*-Шалқан жеміс па, көкөніс пе?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *Сабақтары салалы*<br>*Желге ырғалып шайқалған*<br><br>*Балалармен жеке жұмыс жүргізу.*<br>*Қорытынды.*<br>*Балалардың жұмыстарын тақтаға ілдіртіп,жапсырған жұмысына байланысты сұрақтар қою.*<br>*Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы қорытындылау.* | |
| **Серуенге дайындық** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | | | ***Картотека № 15***<br>***Бақылау:*** *Бұлтты бақылау.*<br>***Мақсаты:*** *Қыста аспан-ды сұрғылт бұлт басады, бұлттың сал-дарынан қар жауады т.б. түсін-діру.* | ***Картотека № 16***<br>***Бақылау:*** *Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*<br>***Мақсаты:*** *Қыста өсімдіктер-дің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.* | ***Картотека № 19***<br>***Бақылау:*** *Мұздақты бақылау.*<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ.*** *( картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау Бұл бала қай бала*<br>*Пай-пай тап-таза*<br>*Ақ қаздай*<br>*Киімі мұнтаздай*<br>*Жарайсың балақай!*<br>*Дейміз біз мадақтай* | | | | |
| **Түскі ас** | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*<br>*Нан қиқымын шашпаңдар*<br>*Жерде жатса баспаңдар*<br>*Теріп алып қастерлеп*<br>*Торғайларға тастаңдар* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека №1***<br>***«Үйдің есігін жабайық»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №2***<br>***«Дәл осындай пішінді тап»***<br>*Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.* | *Вариативтік жоспар бойынша.* | ***Картотека №3***<br>***«Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты:***<br>*геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №7***<br>***«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты:***<br>*геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру* |
| | ***ТАНЫМ САЛАСЫ МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫ*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту.* |

10.01.2022 Қолы

**ЦИКЛОГРАММА**
**II апта (10 – 14 қаңтар, 2022 жыл)**
**Ортаңғы тобы**

***Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»***
***Тақырыпша: Жануарлар әлемі***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10.01.2022 | Сейсенбі 11.01.2022 | Сәрсенбі 12.01.2022 | Бейсенбі 13.01.2022 | Жұма 14.01.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 2***<br>***«Орнын тап» Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* | ***Картотека №8***<br>***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»***<br>***Мақсаты:*** *ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.* | ***Картотека №10***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру* | ***Картотека №11***<br>***«Затты сипаттау»***<br>***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту* | ***Картотека №13***<br>***«Не жоқ?»***<br>*Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* |
| | ***ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының II –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***<br>*Шынықсаң шымыр боласың,*<br>*Сауығып айдай толасың.*<br>*Спортты серік ете біл,*<br>*Жақсы азамат боласың.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.*<br>*Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Ал балалар тұрайық,***<br>***Мойнымызды бұрайық,***<br>***Қолымызды созайық,***<br>***Су ішінде қалықтап,***<br>***Қане жүзіп алайық,***<br>***Оңға,солға бұрылып,***<br>***Денемізді бұрайық*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оку қызмет-тері** | ***1. Құрастыру***<br>***Тақырыбы:*** *Жануарларларға қора жасаймыз*<br>***Мақсаты:****Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету.Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.*<br>***Қолданылатын корнекі құралдар:*** *Құрылыс материалдары.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Қуан шаттан, алақай!*<br>*Қуанатын келді күн, Қайырлы таң! Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін.*<br>*Балалаларды ұйымдастыру.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балаларға тақтадағы қораның суретін көрсетіп **,назарларын аудару.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Қора туралы айтып өту.*<br>*Балаларға жануарларға қора қажет екендігін айту.*<br>***Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.***<br><br>*Сергіту сәті.*<br>*Қолды созып алдыға,*<br>*Қайшылашы беріліп.*<br>*Ұста мұны жадыңда,*<br>*Кеудең тұрсын керіліп. /қолды созып, қайшылау, керілу/*<br>*Балалардың өз бетінше жұмыс істеу*<br>*Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау. Бүгін біз не құрастырдық? -Сендер қораны неге арнап салдыңдар?* | ***1. Сойлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:***<br>*Үй жануарлары мен төлдері*<br>***Мақсаты:****Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру.Олардың төлдерін атай білуге үйрету.Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *қуыршақ, себет, үй жануарлары, АКТ, бейнетаспа*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Балаларды шеңберге жинау.*<br>*Өлеңі: С.Асанов, әні: Ә.Бейсеуов «Қошақаным қайда екен?» әнін тыңдату.*<br>*-Балалар казір қай жыл мезгілі?*<br>*-Қыста не жауады?*<br>*-Қардың түсі қандай?*<br>*-Сендер бақшаға қалай киініп келесіңдер?*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Айгерім қуыршақ келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Себет әкеледі.*<br>*Себеттің ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, сендер үй жануарларына, яғни төрт түлік жануарға* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:****Көп –аз,тең-теңемес.*<br>***Мақсаты:****Көп-аз, артық, тепе-тең ұғымдарын бекіту. Заттардың санына қарай «қанша-сонша», «аз, көп, тең» деген ұғымдарды сөйлеу барысында дұрыс қолдана білуге баулу.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *пішіндер, ойыншықтар*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*«Амандасу кезеңі»*<br>*Қайырлы таң алтын күн!*<br>*Қайырлы таң жер ана!*<br>*Қайырлы таң достарым*<br>*Сұрақ қою.*<br>*Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Қыс мезгілінің ерекшеліктерін кім айтады?*<br>***«Кім бірінші» ойын.***<br>*Пішіндердің атын атау керек.*<br>***«Логикалық тапсырма»***<br>*Әжеде бар еді.бес моншақ.*<br>*Айшаға берді үш моншақ*<br>*Әжеде қалды неше моншақ?*<br>*Бөлменің төрт бұрышы бар,*<br>*Әр бұрышта бір мысықтан отыр.*<br>*Барлығы неше мысық отыр?*<br>***Ойын «Көп ,аз»***<br>*Шарты:Таратылған қарандаштар,ойыншықтарды,орындықтарды топтастырып,қайсысы* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>*Үй жануарлары мен жабайы аңдар*<br>***Мақсаты:*** *Үй және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйрету, жануарлардың тіршілік ету үшін қорек, ауа, су, жылу қажет екендігі туралы түсінік беру*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *АКТ ,слайд, үй және жабайыжануарлар ойыншықтары*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>*Армысың, Алтын күн!*<br>*Армысың, Көк аспан!*<br>*Армысың, Жан досым!*<br>*Жылуына жылу қос*<br>*Міне менің қолым*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?*<br>*Сендер қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?*<br>*Қардың түсі қандай?*<br>*Қардан не жасайсыңдар?*<br>*- Өте жақсы, жарайсыңдар балалар.*<br>***«Жасырын сурет» ойын.*** | ***1. Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *Қоян*<br>***Мақсаты:*** *Дайын қоян сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету.Салынған суретті мақталы таяқшаларымен бояу).*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *көк қағаз, ақ бояу, қылқалам,су құятын ыдыс.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.*** *Қуанамын мен де, Қуанасың сен де.*<br>*Қуанайық достарым,*<br>*Жарқыраған күнге!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру:*<br>*Ұзын құлақты,жылдам аяқты,*<br>*Сәбізді жақсы көретін ол не?*<br>***Сұрақ жауап.***<br>*Қоян туралы балалардан сұрау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қояным,қояным,*<br>*Орныңнан тұра ғой.*<br>*Айнаға қараш,*<br>*Шашыңды тараш.*<br>*Бетіңді жушы,*<br>*Қолыңды жушы,*<br>*Орныңда секірші!*<br>*Секір-секір-секір!*<br>***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету.түсіндіру.***<br>*Жеке көмек.*<br>*Балалардың жұмыстарын бағалу, мадақтау.*<br><br>***2.Дене шынықтыру.***<br><br>*Педагог жоспары бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Не үшін қажет?<br>-Қандай жануарларды үй жануарлары деп атаймыз?<br>Жасаған жұмыстары үшін балаларды жеке-жеке марапаттау.<br><br>**2. Дене шынықтыру.**<br><br>Педагог жоспары бойынша | нелер жататынын білесіңдер ме? Ал қандай жануарлар жатады, қанеки атаңдаршы!<br>- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды үй жануарлары деп атайды?<br>Себеттен үй жануарларын көрсету.<br>**АКТ технологиясы.**<br>Балалар назарын теледидарға аудару үй жануарлары туралы слайт көрсету( оларды сипаттайды)<br>**«Не қалай дауыстайды?» ойыны**<br>Қой маңырайды<br>Сиыр мөңірейді<br>Жылқы кісінейді<br>Түйе боздайды<br>Ешкі бақырады<br>**Сергіту сәті**<br>Тіктеп титтей құлағын<br>Ботам былай жүреді.<br>Сыртылдатып тұяғын,<br>Бұзау былай жүреді<br>**«Төлін тап»** ойыны<br>**Мақсаты:** төлдерін анасының қасына қойып, ажырата білу.<br>Бейнероликке қарап қайталау<br>Айгерім қуыршақ балалармен қоштасады.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>- Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?<br>- Үй жануарларының | көп ,қайсысы аз екенін әр бала айтады.<br>Ой дамыту.<br>Көп, аз ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бір деп- тік тұрамыз<br>Екі деп -екі рет айналамыз,<br>Үш деп- үш рет секіріп.<br>Төрт –дегенде отырамыз!<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2. Орыс тілі**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br><br>Педагог жоспары бойынша | Балалар қарандаршы бізге қажетті суреттерді қар басып, жасырып қалыпты.Қардан тазалау үшін жұмбақтарды шешейік. Жұмбақтарды шешіп тақтаға іледі.<br>Бұлардың барлығын қалай атаймыз?<br>-Неліктен үй жануарлары дейміз?<br>- Неліктен оларды жабайы аңдар дейміз?-<br>-Аңдар қайда мекендейді?<br>-Қыста жануарлар немен қоректенеді?<br>-<br>**Сергіту сәті**<br>Қоян шықты далаға,<br>Жан-жағына қарады,<br>Жүгірді, секірді, орнына отырды.<br>**"Өз мекенін тап" дидактикалық ойыны**<br><br>**"Жануарлардың төлін тап" дидактикалық ойыны**<br>Шарты: Әр жануардың өзіне сәйкес төлін табу.<br>**Қорытынды:**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *төлдерін не деп атаймыз?*<br>*- Адамдарға қандай пайдасын бар?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2. Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | | ***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | |
| **Серуенге дайындық** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 1***<br>***Қарды бақылау***<br>*Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.* | ***Картотека № 2***<br>***Аязды бақылау.*** *Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз туралы түсіндіру.* | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру.* | ***Картотека № 5***<br>*Қыстап қалатын құстарды бақылау.Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру* | ***Картотека № 8***<br>*Мұзды бақылау.*<br>*Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау.* |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарынаілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздерінді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека № 13***<br>***«Не артық?»***<br>***Мақсаты:****Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.* | ***Картотека № 15***<br>***«Құстарға көмектесеміз?»***<br>***Мақсаты:***<br>*Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту.* | ***Картотека № 16***<br>***«Қоянға көмектесеміз»***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға урету.* | ***Картотека № 20***<br>***«Орнын тап»***<br>***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* | ***Картотека № 21***<br>***«Балық аулау»***<br>*Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамыту.* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 1***<br>***Қарды бақылау***<br>*Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.* | ***Картотека № 2***<br>***Аязды бақылау.*** *Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз туралы түсіндіру.* | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру.* | ***Картотека № 5***<br>*Қыстап қалатын құстарды бақылау.Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру* | ***Картотека № 8***<br>*Мұзды бақылау.*<br>*Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу* | *Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру* |

17.01.2022

## *ЦИКЛОГРАММА*

***III апта (17 – 21 қаңтар, 2022 жыл)***

***Ортаңғы тобы***

***Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»***

***Тақырыпша. «Құстар-біздің досымыз»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17.01.2022 | Сейсенбі 18.01.2022 | Сәрсенбі 19.01.2022 | Бейсенбі 20.01.2022 | Жұма 21.01.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 1***<br>***«Жер, су, ауа»***<br>*Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.* | ***Картотека № 7***<br>***«Табиғат құбылыстарын ата»***<br>*Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту* | ***Картотека № 9***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету* | ***Картотека № 10***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға үйрету* | ***Картотека № 15***<br>***«Құстарға көмектесеміз?»***<br>*Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету*** | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.*<br>***Ойын- жаттығу*** *Сылдырлайды мөлдір су,*<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау*<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Бақыт толы шеңберге,*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қол ұстасып келдік біз,*<br>*Жан достармыз енді біз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастыр ылған оқу қызмет-тері** | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** Құстың ұясы<br>**Мақсаты:**Құстар және олардың түрлерімен таныс тыруды жалғас тыру. Құстың ұялары туралы түсінік беру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздар, қайшы,желім, үлгі ұя, үнтаспа, құстардың суреттері<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыста ауа–райы қандай болады?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Кім қыс айларын атап береді?<br>**Үнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату.**<br>Балалар, бұл ненің даусы деп ойлайсыңдар?<br>Құстың даусы<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Балалардың жауабы.<br>Құстар қайда мекендейді?<br>Ұяда.<br>**«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру.**<br>Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою<br>Балалар ойнап жүріп нені көрді?<br>Ұяда не бар екен?<br>Балалар не істеді?<br>Балапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды? | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Жыл құстары<br>**Мақсаты:** Балаларға құстар туралы түсінік беру.Мнемотехника әдісі арқылы құс туралы әңгімелету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** құстардың суреттері, желім дайын үлгілер<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кеңге ашқан.<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Достық-өмір тірегі,<br>Әр адамның тілегі.<br>Ұйымдастыру.<br>**Суретпен жұмыс**<br>- Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?<br>- Ал, қазір бізде далада осы құстар бар ма, сендер көрдіңдер ме?<br>- Бұл құстар қайдан келді?<br>- Ия, олар жылыны жақсы көретін жыл құстары.<br>- Ал, енді күн жылынғанға дейін олар тоңып қалмау үшін не істеуге болады?<br>Менемотехника арқылы құстарды сипаттау.<br>**Топқа бөлу.** | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Кеңістікте бағдарлау: «оң жақта, сол жақта, ортасында».<br>**Мақсаты:**Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. Заттардан геометриялық фигуралар ды табуға үйрету.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ақ бет,пішіндер,ойыншықтар.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Армысың, шапағатты, Күн ана<br>Армысың қайырымды, Аспан ана<br>Армысың мейірімді, Жер ана<br>Армысың менің достарым.<br>-Балалар, қанеки, есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар?<br>-Жыл мезгілдерін атаңдаршы.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Аптаның қай күні?<br>Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Өлең оқу.<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы айтылады?<br>Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:<br>Қар туралы.<br>Балаларды мадақтау.<br>Балалар қардың артында тапсымалар бар екен,орындаймыз ба?<br>**1-тапсырма:** Қағаздың | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Үй құстары»<br>**Мақсаты:** Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшелік терін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** : Акт, үнтаспа, әтеш , тауық суреттері.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру:**<br>Жыл мезгілін сұрау.<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>**Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату.**<br>Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату.<br>**Суретпен жұмыс**<br>Үй құстары.<br>-Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою.<br>-Әтеш қалай дыбыстайды?<br>- Ал, тауық ше?<br>-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау.<br>**.Сергіту сәті.**<br>Әтеш ерте оянып,<br>Жан-жағына қарады.<br>Шынықтырып денесін,<br>Қанаттарын қағады.<br>5. Дидактикалық ойын:<br>«Көлеңкесін тап» | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Тотықұс<br>**Мақсаты:** Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеу ге үйрету.Эстетикалық тәрбие беру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті карандаштар. үлгі<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**«Кубизм» әдісі**<br>Жыл мезгілі<br>Суретпен жұмыс.<br>Бұл ненің суреті?<br>Тотықұс қандай құс?<br>Түсі қандай?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Ой дамыту.**<br>Тотықұс туралы түсінік беру.<br><br>**Ой қозғау.**<br>Балалар, сендерде осындай әдемі тоты құс болғандарын қалайсыздар ма?<br>**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**<br>**Жеке көмек.**<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Жел сияқты қалықта,<br>Оңға, солға иіліп<br>Денемізді бұрайық.<br>**Қорытынды.**<br>Балалардың салған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар қайтті?<br>Балалардың жасағаны дұрыс па?<br>Балалар не істеу керек еді?<br>Балалардың жауаптары<br>**Сергіту сәті:** «ұшты-ұшты»<br>**Видеоролик көру.**<br>Біз құстарға қандай қамқорлық жасаймыз?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Құстарға ұя жасайық**<br>Ұя жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.<br>**Қорытынды:**<br>Бүгін біз не туралы айттық?<br>Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?<br>Құстардың қандай пайдасы бар?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br><br>Педагог жоспары бойынша | **1-топ** шығармашылық өнер орталығында құстарға ұя және жем сауытын жасайды.<br>Балалары үлгі суретке қарай отыра біреулері жем сауыт, ал келесілері ұяны желімдейді.<br>**2- топ** кітап бұрышына қандай жыл құстары бар екенін қарастырады.<br>Ал, енді балалар осы құстарды қатыстыра отыра әңгіме құрастырайық.<br>Тірек сызба қоса ұсынила отыра әңгіме түйінделеді.<br>**Дыбыстық жаттығулар**<br>-Ға- ға- ға- ұшып келді қарға<br>-Ғай -ғай –ғай- торғай<br>-Шық -шық –шық-шымшық<br>-Үй- үй- үй- үйрек<br>**Сергіту сәті:**<br>Қарлығашқа ұқсайық,<br>Қанатты біз жаяйық.<br>Орнымыздан тұрайық<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Балалардың жұмыстарын бағалау.<br>Мадақтау<br>Венн диаграммасы арқылы балалардан құстарды салыстыра отырып талдап, қортындылау | жоғарысына дөңгелекті, төменіне ұшбұрышты, оң жақ бұрышына шаршыны,сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар.<br>Балаларды мадақтау.<br>**2-тапсырма** :«Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?» Кім тез айтады?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте Аязата қай жерде тұр?<br>-Ақшақар ше?<br>-Шырша қай жерде орналасқан?<br>-Қоян қайда?<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымды бес саусақ<br>Қосссақ егер екеуін<br>Болады екен он саусақ.<br>**3-тапсырма.**«Сөредегі ойыншықтар» ойыншықтардың қай жерде орналасқанын айтады.<br>-Қане, доп қай жерде тұр?<br>-Ол ненің қасында тұр?<br>Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр? т,б<br>Балаларды мадақтау.<br>4-тапсырма.Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды?»<br>Сұрақтар қою.<br>- Қай сурет дөңгелекке ұқсайды?<br>- Шырша қандай пішінге ұқсайды? т.б<br>Қорытынды.<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. | <br><br>**Қорытынды**<br>–Бүгінгі оқу қызметінде не жайлы сөз болды?<br>–Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?<br>–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді? Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Айдаһар ойыншық<br>**Мақсаты:** Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы айдаһар мүсіндеуді үйрету.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**ермексаз,тақтайша, ойыншық айдаһар<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан ,шаттан алақай<br>Қуанатын күн келді<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**Тосын сәт.**<br>Топқа айдаһар келеді.<br>Балалалардан көмек сұрайды.<br>Досым жоқ,маған дос керек дейді.<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар сендер айдаһарды қайдан көрдіңдер?<br>**Ой дамыту.**<br>Айдаһар туралы бейне ролик қарау. | суреттерін бағалау,мадақтау.<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br><br>Педагог жоспары бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *Балалар қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы мадақтау.*<br><br>***2. Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Түлкі мен тырна*<br>***Мақсаты:*** *Құстар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес өткен таныс шығарманы суреттерден тануға, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *ертегі кейіпкелердің бетпердесі, дайын ыдыс суреті, карандаш*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*1.Өзі айлакер, өзі қу,*<br>*Жүрген жері айқай да шу.*<br>*2 Көкте ұшады тізіліп,*<br>*Біз қараймыз қызығып.*<br>*Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді.*<br>***Сұрақ қою.***<br>*Бұл қай ертегінің кейіпкерлері.*<br>*Дұрыс бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой.*<br>*Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар.*<br>***«Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.***<br>*Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.*<br>*Балалар түлкі мен тырна бір-біріне ренжісіп қалған.* | *Достарын жасап беруге кіріседі.*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*-Саусақпен шымшу,қосу, майыстыру дағдыларын қалыптастыру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі*<br>*Кіп-кішкене ағаштар*<br>*Үп-үлкен боп өседі*<br>***Өз беттерінше жұмыс.***<br>*Қадағалау, көмек көрсету..*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату.*<br>*Мадақтау*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Татуластырамыз ба?*<br>*Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Саусақтар шыншыр болады,*<br>*Үзілмейді тартсаңда.*<br>*Ал,піл келіп шынжырды,*<br>*Үзіп кетті басқанда*<br>*Тұмсығымен доп іздеп,*<br>*Ойнағысы келіп тұр.*<br>*Достық үшін пілге мен,*<br>*Гүл сыйлағым келіп тұр.*<br><br>*-Түлкі мен тырнаның бір біріне тапсырмалары бар екен,соларды орындаса ғана достасады екен.Оларды достастыруға дайынбыз ба?*<br>*Балаларды екі топқа бөліп отырғызып, «түлкілер және тырналар»екі топқа бөлеміз.*<br>***1Логикалық сұрақтар:****(Интерактивті тақта бойынша балаларға тапсырма беріледі)*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Не артық?»*<br>***2Восковичтің дамыту ойыны:***<br>*түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді қосу арқылы көрсету.*<br>*Балалардың жұмыстарын бағалау.*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Түлкі мен тырна неге ренжісті?*<br>*-Біз оларды қалай достастырдық?*<br>*-Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар. Мадақтау!*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>*Педагог жоспары бойынша* | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 20***<br>***Боранды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.* | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.* | ***Картотека № 17***<br>***Қар аралас жаңбырды бақылау.Мақсаты:*** *Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру.* | ***Картотека № 14***<br>***Торғайды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру* | ***Картотека № 6***<br>***Айналадағы адамның қысқы еңбегі.***<br>*Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН ( картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Бұл бала қай бала*<br>*Пай-пай тап-таза*<br>*Ақ қаздай*<br>*Киімі мұнтаздай*<br>*Жарайсың балақай!*<br>*Дейміз біз мадақтай*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№17***<br>***1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар,* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму** | *Дид жаттығу: «Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды сана»*<br>*Мақсаты: Сан мен* | *Дид жаттығу: «Қандай үйір екенін айт»*<br>*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.* | *«Құстар»*<br>*Мақсаты: Табиғи материалмен жұмыс жасауды үйрету.* | *Әңгімелесу*<br>*«Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар»*<br>*Мақсаты: Балалардың* | *Терезеден құстарды бақылау.*<br>*Мақсаты: Қарғалардың топтап ұшуын, ұя салу орнын анықтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| …ртасына …йкес жеке жұмыс | *топтық заттарды сәйкестіре білуге үйрету.* | | | *білімдерін бекіту* | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 20*** <br> ***Боранды бақылау.*** <br> ***Мақсаты:*** *Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.* | ***Картотека № 19*** <br> ***Мұздақты бақылау. Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.* | ***Картотека № 17*** <br> ***Қар аралас жаңбырды бақылау.Мақсаты:*** *Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру.* | ***Картотека № 14*** <br> ***Торғайды бақылау.*** <br> ***Мақсаты:*** *Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру* | ***Картотека № 6*** <br> ***Айналадағы адамның қысқы еңбегі.*** <br> *Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға кеңес: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретіңіз».* | *Психологтің кеңесі: мысалы: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылныз ».* | *Балалармен үйлерінде ата-анасына қалай көмектеседі туралы әңгімелесу.* | *Кеңес: «Бала өміріндегі дәруменнің маңызы».* | *Үйде құстар тақырыбында сурет салу.* |

24.01.2022

***ЦИКЛОГРАММА***
***IV апта (24 – 28 қаңтар, 2022 жыл)***
***Ортаңғы тобы***

***Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»***
***Тақырыпша. «Ғажайып қыс»***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**24.01.2022** | **Сейсенбі**<br>**25.01.2022** | **Сәрсенбі**<br>**26.01.2022** | **Бейсенбі**<br>**27.01.2022** | **Жұма**<br>**28.01.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека №1***<br>***«Үйдің есігін жабайық»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №2***<br>***«Дәл осындай пішінді тап»***<br>*Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.* | ***Картотека № 19***<br>***«Қысқы тіршілік»***<br>*Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету.* | ***Картотека №3***<br>***«Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты:*** *геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №7***<br>***«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты:*** *геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру* |
| | ***ТАНЫМ САЛАСЫ МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫ*** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***<br>*Шынықсаң шымыр боласың,*<br>*Сауығып айдай толасың.*<br>*Спортты серік ете біл,*<br>*Жақсы азамат боласың.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.*<br>*Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Ал балалар тұрайық,***<br>***Мойнымызды бұрайық,***<br>***Қолымызды созайық,***<br>***Су ішінде қалықтап,***<br>***Қане жүзіп алайық,***<br>***Оңға,солға бұрылып,***<br>***Денемізді бұрайық*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | ***1.Құрастыру***<br>***Тақырыбы:*** *Қар және аққала*<br>***Мақсаты:*** *қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Аққаланың суреті,ақ қағаз,түсті қағаз, желім,қайшы.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Жұмбақ.*<br>*Шелек қалпақ басында,*<br>*Сәбіз екен танауы.*<br>*Қыста қардан туатын,*<br>*Тауып көрші, сен оны.*<br>*(аққала)*<br>*Мнемотехника арқылы түсіндіру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*-Аққала неше бөліктен тұрады?*<br>*-Мұрнын, көзін неден жасайды?*<br>*-Түстері қандай?*<br>*-Аққаланы неден жасайды?*<br>***Аққаланы жасау жолдарын көрсету.***<br>*Ақ қағазды умаждау,жырту арқылы жапсыру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық*<br>*Оңға қарай бұрылып,*<br>*Солға қарай бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Бой сергітіп алайық.*<br>***.«Не өзгерді» ойыны.*** *Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.*<br>*Қорытындылау.*<br>*Жұмыстарын тақтаға ілу.*<br><br>***2.Дене шынықтыру***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Қыс келді*<br>***Мақсаты:*** *Қыстағы табиғат көрінісі мен адамдардың киімдері туралы әңгімелесу. Мнемотехника әдісін қолдану.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *қыс мезгілінің суреті*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>***Ширату әдісі***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Шанамен зырғып желетін,*<br>*Коньки, шаңғы тебетін,*<br>*Аққала жасап ойнайтын.*<br>*Қай мезгіл деп ойласыңдар балалар?(қыс)*<br>***Ой дамыту.***<br>*Қыс мезгілінің ерекшеліктерін*<br>***мнемокесте бойынша әңгімелеу.***<br>***Ой қозғау.***<br>*-Қыс мезгіліңің белгілерін білеміз бе?*<br>*-Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші.*<br>*-Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз?*<br>*-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?*<br>*-Қыс айларын атайықшы.*<br>*-Желтоқсан- жылдың аяғы, қыстың басы ол суық ызғарлы.*<br>*-Қаңтар-жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай.Бұл айда қатты* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Заттың көлемі не санның тәуелсіздігі. Реттік санау.*<br>*«Кең»,«тарлау» «тар»,«өте тар» ұғымдарын пысықтау.*<br>***Мақсаты:*** *Реттік санауды жалғастыру. Заттарды еніне қарай салыстыруға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табуға және сол белгілері бойынша топтастыруға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *әр түрлі ойыншықтар, ұзын-қысқа таспа*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Сұрақ жауап айдары:***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Күз мезгілінде неше ай бар?*<br>*Үш айды атап беріңдер*<br>***Тірек білімдерін жетілдіру.***<br>*Ауызша есептеуге заттарды санауға, тапсырма бойынша заттар тобын арттыру және кемітуге, дыбыстарды санауға, өзара сәйкестікті қоюға (қарындашты үстелге неше рет тақылдатсаң, сонша шаршыны қой; мен неше рет санасам, сонша рет еңкей, т.б.) жаттығулар беріледі.*<br>***Таспаларды салыстыру.***<br>*Ені тар таспаның түсі* | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Қар қасиетімен танысу.*<br>***Мақсаты:*** *Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету,қардың қасиетімен таныстыру.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *қыс мезгілінің суреті, қар,ыдыс тәжірибе көрсету, мақталы қарлар*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Балалардың назарын суретке аударады.*<br><br>*Баланың қолында не бар?*<br>***Ойын:«Қыс туралы кім көп біледі?»***<br>*- Оның түсі қандай?*<br>*Қыста айналамыз қандай түске бояладь?*<br>*-Қардан не жасап ойнаймыз?*<br>*-Тағы да немен ойнаймыз -Дұрыс айтасыңдар, оның түсі ақ.*<br>*-қар қандай екен? - Дұрыс айтасыңдар, қар жабысқақ екен.*<br>*Қар ерігенде не пайда болады?*<br>***Тәжірибе көрсету.***<br>*қардың адамдар, өсімдіктер үшін* | ***1.Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *Аққала*<br>***Мақсаты:*** *Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға машықтандыру. Қажетті құрал жабдықтармен дұрыс жұмыс жасауға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бояу,су,балауыз,көк қағаз,үлгі*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Ұшан теңіз қалың қар,*<br>*Жерді басып жабады.*<br>*Шұнақ аяз жалаңдап,*<br>*Екі аяғын басады.*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Жарайсыңдар. Қыс мезгілінде біз қандай құбылыстарды көре аламыз?*<br>*Балалардың назарын аудару. Суреттермен түсіндірме жұмысын жасау.*<br>***Таңғажайып сәт.***<br>*Топқа аққала келеді.*<br>*-Сәлеметсіңдерме балалар.мен өзіме көп дос іздеп жүрмін,өйткені мен жалғыз ойнап ішім пысып кетті.Балалар маған дос тауып беріңдерші.*<br>*-Балалар аққалаға көмектесемізбе?*<br>***Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.***<br>*Әр түрлі құралдармен дәстүрлі емес әдіспен сурет салу.*<br>*Қағаз бетін тігінен қоямыз. Бетіне шеңберді* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *суық үскірік аяз болады.*<br>*-Ақпан-желмен боранның айы.*<br>*-Біз тоңбас үшін үстімзге қандай киімдер киеміз?*<br>*-Бас киім,үстімізге тон, аяғымызға етік, қолымызға қолғап киеміз.*<br>*-Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***Тақпақ жаттау.***<br>*(мнемокестемен)*<br>*Қар жауғанда топ бала*<br>*Соқтық келіп аққала*<br>*Мұрны- сәбіз, үп- үшкір,*<br>*Көзі-көмір, қап-қара.*<br>***«Тез айт»ойыны.***<br>***Шарты:****Берілген сұраққа тез жауап бере білу.*<br>*Қорытынды жасау.*<br>*Балаларға жұлдызшалар тарату арқылы мадақтау.*<br><br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Муызка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *қандай?*<br>*Ені кең таспаның түсі қандай?»*<br>*балаларды ұзындығы, ені бойынша салыстыруға үйретеді. Алғашқы рет оқушыларға қарапайым ой қорытындысын жасау ұсынылады: «Егер шалбар ұзын болса, онда шолақ шалбар .....(қысқа)».*<br>***Сергіту сәті***<br>*Құстай болып ұшамыз*<br>*Қанатты біз қағамыз.*<br>*Ұлу болып жорғалап,*<br>*Өсімдікке қонамыз.*<br>*Қане енді тұрайық*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Қанат қағып ұшайық.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Шарлар ұшып жүр»*<br>*Балалар, бізге қуыршақтар шарлар сыйлап жатыр, бірақ та оларда жіптері жоқ, біз оларға «кең - тар», «ұзын - қысқа» жіптерін түсіне сай тауып берейік.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br><br>***2.Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойнша*<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *пайдасы мен зиянын айтып түсіндіру.*<br>*Мысалы, қыстың пайдасы, балалар сырғанақ тебеді, қар көп жауса ауылшаруашылығына пайдалы т.б.Зияны, адамдар далада көп тұрып қалса тоңады, өсімдіктер суықтан үсіп кетеді.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алға қадам басайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Бойымызды жазайық.*<br>***Қорытынды***<br>*бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрау арқылы қорытындылау.*<br>***«Қар атыспақ»ойыны.***<br><br>***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойнша* | *пайдаланып, балауыз шаммен аққаланың сұлбасын бейнелеп аламыз.*<br>*Қажетті сызықтарды қолданып, аққаланың қолын, қолына сыпыртқы және басына қалпағын бейнелеп аяқтаймыз.*<br>*Оны көк субояқпен бояймыз.*<br>*Балалаға үлгіні көрсетіп, түсіндіріп болғаннан кейін, өз беттерінше жұмыс жасауға тапсырма беру.*<br>*Қол жаттығуын жасау.*<br>***Жеке көмек.***<br>*Дайын болған суреттерді өзара талдау.*<br>*Қандай сурет салғандарын сұрау?*<br>*Әр баланың суретін жеке тексеріп, түзету жұмысын жүргізу. Аққала қуанып балалармен қоштасады*<br>*Қорытынды сұрақтар қойып, суреттерін бағалау.*<br><br>***2.Дене шынықтыру***<br><br>*Педагог жоспары бойынша* |
| **Серуенге дайындық** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:** | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұзды көрсете отыра сипаттау.* | ***Картотека № 9***<br>***Қырауды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалыптастыру.* | ***Картотека № 11***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Тірі табиғат үшін күннің маңызы* | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру,* | ***Картотека № 16***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Күн көзінің жарығы, оның бүкіл табиғат үшін пайдасы туралы түсіндіру.* |
| | ***ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН ( картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына iлуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека № 12***<br>***«Әдемі гүл»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту* | ***Картотека №13***<br>***«Не жоқ?»***<br>*Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Ойын мақсаты: Үй жануарларын айта білу олардың дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.* | ***Картотека № 20***<br>***«Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>*Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.* | ***Картотека №15***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>*Мақсаты: заттың түр-түсін,*<br>*пішінін, атын атауға жаттықтыру;*<br>*сөздік қорын молайту;*<br>*ойлау*<br>*қабілетін дамыту.* |
| | ***ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| уен | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұзды көрсете отыра сипаттау.* | ***Картотека № 9***<br>***Қырауды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалыптастыру.* | ***Картотека № 11***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Тірі табиғат үшін күннің маңызы* | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру,* | ***Картотека № 16***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Күн көзінің жарығы, оның бүкіл табиғат үшін пайдасы туралы түсіндіру.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу* | *Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру* |